

U00037 25.09.2020

Балабақша – бақыт баспалдағы

ДАЛИ ЖАҢЫЛСЫН СӘРСЕНБЕКҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы МКҚК

«Жауқазын» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Сен не еткен бақытты едің келер ұрпақ,

Қараймын келбетіңе мен таңырқап ...

Қ.Аманжолов

Балабақшада берілген тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы әрі жан – жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Балабақша – білім мен ортаға бейімделудің тірегі, ал тәрбиеші – сол балабақшаның жүрегі, яғни олардың қолында баланың тағдыры тұрады. Біздің мамандығымыздың қыры да, сыры да сол – күн сайын көз алдымызда өсіп, дамып келе жатқан жас ұрпақпен жұмыс істеу. Өмірге келген әрбір нәресте отбасында ата-анасынан бастап барлық туған туыстардың махаббаты мен жылулық шапағатына бөленіп өседі. Әр отбасында тәлім – тәрбие алып 3 жасқа толғанда ата-аналар жүректерінің бір-бөлшегін сеніп толықтай бір күнге балабақшаға әкеліп тапсырады. Сол орайда ананың орнына ана бола білетін ол-балабақша тәрбиешісі.

Балабақша баланың өмірге аттаған алғашқы қадамы. Басқан алғашқы қадамынан баланың болашағы қаланады. Әрбір кішкентай ғана бүлдіршінді өмірге енді аяқ басқан сәтте көңілінің кілтін тауып, олардың тұлға болып қалыптасуына сүбелі үлес қосатын алтын ұя. Аса сабырлықты, шыдамдылықты, жылулықты қажет ететін үлкен кәсіп иелері жұмыс атқарады. Өйткені бұл мамандық иелерінің мойнына, ешнәрседен хабары жоқ, мыңдаған тарыдай ғана бүлдіршіндердің бойына білім нәрін сеуіп, тәрбие ұрығын егіп, таудай азамат етіп шығару міндеті жүктелген. Баланың дамуының іргетасы қаланып, тұлғаның «Мені» қаланатын кезеңі – балабақшада. Ары қарай өмірдің өсу сатысында білім мен тәрбие ұйымдарында қалыптасқан бір ізділік жүйе арқылы өз көзқарастарын қалыптастырып, танылып, жеке тұлға ретінде қоршаған ортада өз орындарын табады.

Отбасында еркелеп, өз дегенін, қалауын орындатып қоятын ерке балалар да жоқ емес. Бір үйдің кенжесі, бірі тұла бойы тұңғышы. Бірақ, балаларға бірдей тәрбие беріп, бірыңғай тәртіпке баулитын орта балабақша.

Бақшадағы оқу қызметері бес сала бойынша іске асып барлығы ойын түрінде балалар бойына білім нәрін сусындатады. Тілін дамытып ортаға

биімдеп қарым-қатынасқа икемдейді, Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру арқылы оң мен солын, ұзын қысқа, үлкен кішісін ажыратуға, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу арқылы шығармашылығы дамып, түрлі ойындар арқылы әлеуметтік ортаға бейімдейді, қоршаған ортада табиғат құбылыстарымен жақынырақ танысады. Өздері түрлі рөлдерді сомдай отырып, салмақтауды үйренеді, сонымен бірге шынығып, салауатты өмір салтын ұстап өсуі жолында да берілетін осы балабақша жұмысының еңбегі ұшан теңіз.

ВкТәрбиеші балаларға білім беру үшін баланың іс-әрекеті ойын арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, көздеген мақсатқа жеткізуші. Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолындағы педагогикалық ұстанымым — үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр баланың бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелейді. Бақшаны-бала бағбандарының мекені деп тани отырып, балабақшаны-болашақтың қақпасына деп білуіміз керек. Болашақтың қақпасы-әрбір бақша табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің қадамдарында ертеңге деген нық сенім, жүректерінде патриоттық сезімдері жалындаған ұлт ұрпағын тәрбиелейтін білім мен тәрбие беретін алтын қақпа болуы тиіс.

Қазіргі заман талабына сай өнерлі, шығармашылыққа бай, жан-жақты дамыған, өздерінің жағымды жақтарын көрсете білетін, өз ойларын ашық айтатын ұрпақ тәрбиелей отырып, мәңгілік ел болып қалыптасудың алғашқы қадамдары деп білемін. Салыстырмалы түрде сөйлейтін болсақ, кімнің пікірімен бөліссек те бақшаға барған баламен, бақшаға бармаған баланың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Қай жағынан болмасын — адамдармен қарым-қатынас жасағанда да, сөйлеу мәнерлерінде де, өз ойларын жеткізе білуде де көптеген құбылыстарда да айырмашылықты байқап жатамыз.

Ата-ана балаларын балабақшаға берместен бұрын «ол жерде балам не үйреніп шығады, тәрбиеші қандай болады екен?»- деген сұрақтар мазалайтыны түсінікті. Сондықтан да бақша-тек балаға бас көз болып қарайтын, осы еңбектері үшін мемлекеттен жалақы алатын адамдардың жұмыс орны деп қарамау керек. Керісінше, бақша менің балама білмегенді үйретіп, жақсыны беріп, жаманнан жирендіретін, білімді де білікті мамандардың ордасы деп білуі керек. Сонымен бірге балаларын өздерінен де асқан жауапкершілікпен бала тәрбиесіне мән беретін — сенімді тұлғалардың мекені деп те баға беретіндей дәрежеге жеткізуіміз керек.

Балабақшада дұрыс тәлім — тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барып саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Соның нәтижесінде елін сүйген азамат болып шығады. Біз, тәрбиешілер, түрлі болашақ маман иелерін тәрбиелеп жатырмыз десем артық болмас. Болашақ заңгерлерді — әділдікке үйрету, дәрігерлерді — жауапкершілікке баулу, мейірімділікке үйрету,

құрылысшыларды – нақтылыққа тәрбиелеу – барлығы тәрбиешінің қолында. Сондықтан да өз бойымызда әділдік те, мейірімділік те, жауапкершілік те болу қажет.

Балабақша – баланың жүйелі түрде білім – тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы. Балабақшаның балаға беретін тәлім – тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, ұстазға байланысты. Баланын болашаққа қадам алып, жан-жағымен, қоршаған ортасымен танысып, ең бірінші білім, тәрбиемен сусындайтын орны – балабақша. Сондықтан тәрбиешілер бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай, үнемі ізденіс үстінде жүру керек. «Тәрбиеші ең жауапты міндет орындайды – ол адамды қалыптастырады.» М.И.Калинин, міне, біздің міндетіміз айқын. Олай болса заман талабынан қалмай, заманауи болашақ жастарымызды тәрбиелейік. Балабақша баланы ең алдымен тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді.

Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады. Қазіргі заманда әр отбасында дүниеге келген сәбиді, өсіп жатқан буынды өзінің ана тілімен сөйлету-ұлттық қасиетіміздің дамуының бірден бір жолы. Мектепке дейінгі тәрбие саласында ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі-халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Әрбір бөбектің өз ана тілінде тілі шығып, осы тілде ойлау қабілетінің дамуы-ұлттық мінез-құлықтың қалыптасу жолы. Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, пәк, инабатты, биязы болып өсетініне өмір тәжірибесі куә.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, алдымызға келген әр бір бүлдіршінге балабақшадан бастап тәлім-тәрбие беріп ұлтжандылыққа тәрбиелейік. Балабақша бақыттың ең бірінші баспалдағы, баланың болашағы.

Сөзімді «Тәрбие – тал бесіктен басталады» деген халқымыздың дана сөзімен қорытындылағым келеді. Тал бесіктен бастау алған тәрбие ғана жемісті болмақ. Демек, баланың тәрбиелі ұрпақ болып жетілуіне бірден-бір ықпал ететін орын – балабақша. Бала тәрбиелеу – біздің өміріміздегі ең маңызды міндет. Біздің қызметіміз де, өміріміз де бала өмірімен өте тығыз байланысты. Тәуелсіз еліміздің жас ұрпақтарын білімді, жан-жақты дамыған, дені сау, рухани бай, жерін, ата-анасын құрметтейтін саналы азамат болып өсуіне бойымыздағы бар асыл қасиеттерімізді, білімімізді аямайық!

N00070 03.12.2020

Дене тәрбиесі - салауатты өмір негізі

ИЗБАСАРОВА ГАЗИЗА АУГАНОВНА

*Шымкент қаласы. А. Молдағұлова атындағы №29 Жалпы орта
білім беретін мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімі*

Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулыққа байланысты.

А.Шопенгауер

Бүкіл әлемдегі дәрігерлер мен педагогтар әлдеқашан ортақ пікірге келген еді: ұлт денсаулығын сақтап қалу үшін барлық күш жігерді біріктіру және оны балалар денсаулығын қорғауға бағыттау қажет.

XXI ғасыр–ақпараттардың аса молдығы бойынша бұрын-соңды болмаған ғасыр. Біз балаларға денсаулықты сақтау, түрлі аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салты туралы көп айтып жүрміз. Ал, бұл мәселелерді шешу балалар денсаулығын сақтау, оның ішінде дене тәрбиесі, психологиялық тұрақтылықты арттыру, орынды тамақтану және көптеген басқа мәселелер бойынша маңызды жұмыстарды қажет етеді. Мектеп мұғалімінің алдында оқушыларға білім берумен қатар олардың дені сау, дене бітімінің дұрыс жетілуін қадағалау міндеті тұр. Бүгінгі алдымызда отырған оқушы -ертеңгі еліміздің экономикалық қуатын, мәдени және рухани байлығын жақсартуға ықпал ететін жеке тұлға.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі. Қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге деген белсенділігі мен ізгілікті қатынастарын дамытуға бағытталған.

Дене тәрбиесі-өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері оқушының өз бетінше ұйымдастырылған жұмыстарымен толықтырылған жағдайда нәтижелі болады.

Оқушының күнделікті қозғалыс тәртібін толықтыруға арналған жұмыс түрлері дене тәрбиесі жүйесінің элементтері есебінде болды:

- Таңертеңгі гимнастикалық жаттығулар. Күнде таңертеңгілік 9-10 жаттығудан тұратын кешен. Бұл оқушылардың орталық нерв жүйесін қалыпқа келтіріп, оқушы ағзасын сергітеді.
- Мектепке дейінгі және үйге қайтар жолдағы серуен. Таза ауада жаяу жүрудің өзі шынығу, сауықтыру әсерін тигізеді.
- Оқу сабақтарына дейінгі жаттығу. Сабақтағы нәтижелі іс-әрекет пен оқу күнін белсенді бастауға мүмкіндік туғызады.
- Дене тәрбиесі сабақтары. Бұл сабақтар мазмұны мемлекеттік талап пен оқу бағдарламасына сәйкес белгіленіп, оқушылардың күші мен жылдамдығын, ептілігі мен шыдамдылығын, ерік-жігерін, батылдық пен табандылықты және тез шешім қабылдау секілді тәрбиелік қасиеттерді дамытады.
- Сабақ үстінде сергіту минуттары. Ой еңбегі барысында ағзаның тынығуына әсерін тигізеді.
- Үлкен үзіліс кезіндегі дене жаттығулары мен қозғалмалы ойындар. Оқу күні ортасында оқушылардың белсенді демалысын қамтамасыз етеді.
- Спорттық үйірмелер, ұйымдар мен топтардағы жұмыс. Белгіленген спорт саласы бойынша оқушының жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз етеді.
- Жалпы мектепшілік спорттық бұқаралық шаралар. Бұл жұмыс түріне денсаулық және спорт айлықтары, спорттық мерекелер, жалпы мектепшілік сайыстар жатады.

Бұл шаралар барлық оқушының спорт пен дене тәрбиесі жаттығуларына қызығушылығын туғызып, салауатты өмір салтының негізін қалайды.

- Өз бетінше дене жаттығуларымен айналысу. Бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді, себебі оқушының жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне, сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Денсаулық-байлық қана емес, ол адам бақытының бастауы, тіршілік көзі. Ұлы ақын Абай данамызда «Денсаулық- терең бақыт»деген.

Ғылым мен техниканың күн санап қарыштап дамуы, экологиялық зардаптардың белең алуы, ой еңбегі мен дене еңбегінің ара қатынасының алшақтауы, әр-түрлі зиянды әдеттердің (шылым шегу, алкоголь ішімдігі, есірткі пайдалану т.б) пайда болуы секілді құбылыстарға қарсы, салауатты өмір салтын қалыптастыратын тегеурінді күш иесі-спорт. Спортпен шұғылданған баланың денсаулығы мықты, өзі әлді, төзімді, икемді, әрі нәтижелі болады. Еліміздің келешегін жалғастыратын жігерлі, білімді азамат болып шығады.

Салауатты өмір салтының насихатталуы, ауыл мектебіндегі спорттың өсуі, одан әрі өркендеуі, әлемдік деңгейге жетуі, кейінгі жастар үшін үлгі-өнеге болатыны үлкен дәлел.

N00071 03.12.2020

**Дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды
пайдалана отырып, білім сапасын арттыру**

МУРАТБЕКОВ АСКАР ТУРСУНБЕКОВИЧ

*Шымкент қаласы А. Молдағұлова атындағы № 29 жалпы
орта білім беретін мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімі.*

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр. Еліміздің даму бағытын бекіткен

«Қазақстан – 2030» бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызы бар мәселелермен тең дәрежеде екендігі баса көрсетілген. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз:

I. Жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

II. Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Өмір салты дегеніміз не?

Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру. Біздіңше, адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

- белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;

- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету;
- зиянды әдеттерден аулақ болу.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде соның 4 негізгі күшін атап көрсетті. Оның бірі – жер үстіндегі байлық деп отырғанымыз – адам, оның білімі мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы деген еді.

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады.

Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамын. Алдымен «Дене шынықтыру пәні не береді?» – деген сұраққа:» Қимыл қозғалысты береді. Машықтандыру. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді. Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді.

Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады.

Күтілетін нәтиже - дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарының артуы. Оқушы шығармашылығы, өзін-өзі басқаруы, құрметі, эстетикалық талғамы да артып келеді. Мысалы, дене шынықтыру сабағында 5-6 сыныптарына сергіту сәтін алатын болсақ, өз тәжірибемде 5-сыныптарға өткізген «Эстафеталық жарыстар» атты сабағымда, алдымен оқушыларға ой толғау жасау мақсатында, қазақтың ұлттық ойын түрлеріне тоқталдым, ұлттық ойындар туралы өз түсініктерін сұрай отырып, сабақ барысы кезінде орындатуды жоспарладым. Міне, осы арқылы оқушылар сабақтың жарыс түрінде топтық ойын әдісінде болатына көз жеткізеді. Ойлау қабілетін дамыту тұрғысында 6 сыныптар арасында «Көңілді мәре» сайысы оқушылардың ой-қабілетін, жылдамдық ерекшелігін, тез шешім қабылдауына және топтық әрекет жасауына пәндерді байланыстыра отыра кіріктірілген сабақ көрермендердің көңілінен шықты, сабақта биология, химия, математика, сурет, алғашқы әскери дайындық пен дене шынықтыру пәндерінен құралған ойындар пайдаланылды. Сабақты қызықты өткізу үшін мультимедиялық проектор арқылы қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағалап отырдым.

Кейін сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бөлімі деп алып, бұл бөлімінде оқушылар белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келу талабы қойылды. Оқушылардың бұл бөлімде сабаққа деген қызығушылығының артуымен бірге машықтанады, логикалық ойлау қабілеттері артады, қимыл-қозғалыс әрекеті дамиды. Тәңертеңгілік бой жазу және сергіту жаттығулары мен бірге мектебімізде ұлттық өнеріміз «Қара жорға» биін жаңғырту үстіндеміз, биді сергіту, тәңертеңгі бой жазу жаттығуларының орнына да пайдалануға болатынына көз

жеткіздік. Сондай-ақ «Спорт әлеміне саяхат» тақырыбында мультимедиялық проектор арқылы 5«А» сынып оқушылармен зияткерлік ойын сабағын өткізіп оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырдық. Бұл сабақта Қазақстан спортының алғашқы шыққан, атақты да данықты чемпиондарынан бастап қазіргі таңдағы олимпиада чемпиондары туралы викторина сайысы оқушылардың көңілінен шығып, оқушыларымыз өз елінің патриоты екендерін сабақ барысында дәлелдеп, мүдірместен жауап беруге тырысты. Сондай-ақ қатарынан үшінші жыл мемлекеттік тілдегі мектептердің 5-8 сынып оқушылары арасында ұлттық ойын және спорттық ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып жеңіпаздарды анықтап оқушылардың кішкене кезінен бастап спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында тынымды еңбектер атқару үстіндеміз. Қала көлемінде Наурыз айында ұлттық мерекемізді насихаттау барысында «Төрт түлікке ен салу», «Арқан тарту», «Қол күрес», «Асық ату» ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып, ұлттық ойын өнерімізді өзге ұлт өкілдеріне насихаттау басты міндетіміз.

Ұлттық теле арнада салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өтіп жатқан жаңашыл әдістегі бағдарламалардың желісінде «Намыс дода», «Толағай» «Асық ату» атты спорттық, ұлттық ойындар сайысын сынып аралық топтық сайыс түрінде өткіздім. Әр тоқсан сайын қала қазақ мектептері арасында ұлттық және спорттық ойындардан жарыстар өткізіліп, әсіресе «Асық ату» ойыны оқушылардың арасында қызығушылығын арттырды. Себебі дене тәрбиесімен айналысатын адам өзін әрқашан сергек сезінеді. Ал сергек адамның өмірге көзқарасы ерекше. Спорт қайратты қажет етіп, өмірге құштарлықты арттырады.

Жоғарыда аталған ұлттық спорттық ойындардың өтілу нәтижесінде оқушының:

- Салт - дәстүрді құрметтеуі;
- Ұйымшылдығы, ізденімпаздығы;
- Намысқойлығы;
- Жүйке жүйесінің шынығуы;
- Ойлау қабілетінің дамуы;
- Білім алуға құштарлығы;

Ал деңгейлеп саралап оқыту технологиясын қолдануда қандай нәтижелерге қол жеткізуге болады? Сабақ барысында:

Алдымен оқушының «Не?» деген сұрағына: Сабақта шынайылық, оқыту бар екенін көрсету. Оқушының «Қашан?» деген сұрағына: Сабақтан кейін болатын жағдайды толық анықтатуға көз жеткізу қажет. Оқушының «Қайда?» деген сұрағына: Оқушының және ұстаз арасындағы серіктесін анықтап, нәтижеге қол жеткізу қажет.

Өзімнің 6-сыныптарға өткізген «Акробатикалық жаттығулар» атты сабағымда алдымен оқушыларға өткен тақырыптарға байланысты сұрақтар бере отырып, бүгінгі жаңа сабақтың қандай тақырыпта өткелі тұрғанын ашып алдым. Сабақ барысында оқушыларға жеңілдетілген логикалық сұрақтар беріп, кейін күрделі сұрақтарды тапсырма ретінде бердім. Сұрақтарға байланысты жауабын тапқан оқушы, сол жерде практикалық түрде орындап көрсетеді. Сабақ кезінде оқушының ішкі позициялық көз қарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады. Осы бағыттарда әрбір мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет. Олар мыналар:

- Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
- Оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- Оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу;

Осылай ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтсам: «Кім шапшаң?», «Көңілді ойындар!», «Мен чемпион!», «Санамақ» сонымен қатар қозғалмалы ойындар және ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп өткізуге машықтандыру.

Сонымен, дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орны орасаң болары хақ. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге сыныптан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әр түрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, асық ату, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Қорыта айтқанда, мен алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуды керек еттім. Сол арқылы ұжымдық зерттеуге қол жеткіздім, яғни оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуеті артты. Жаңа идеяларды еңгізу барысындағы орындалатын міндеттер:

1. Оқушымен қарым-қатынасты қалыптастыру.
2. Оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту.
3. Әр оқушының әрекетін, ұлттық болмысын пайдалануға жұмыстану.
4. Оқушының ұлттық моралының орындалуын қамтамасыз ету.
5. Оқушының санасын, сенімін, көзқарасын, білімін арттыру.

6. Оқушының парасатын, ойлауын қалыптастыра отырып машықтандыру.
Ең бастысы, оқу үрдісінде міндетті пәндерде оқушылардың теориялық білімін әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруға мән беру керек.

Жұмысымның нәтижесі:

- 1) Әр оқушының білімі, қабілеті қалыптасады.
- 2) Оқушының бойындағы жетістіктері көрінеді.
- 3) Оқушылар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады.
- 4) Жан-жақты дамуға қол жеткізеді.

N00072 03.12.2020

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері

ИСКЕНДЕРОВА ТАМАРА АЗИРБАЕВНА

*Нұр -Сұлтан қаласы №14 мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі*

Мектеп:		
Сабақ тақырыбы: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері		
Пәні: Дүниетану		
Күні:	Мұғалімнің есімі : Искендерова Тамара Азирбаевна	
Сынып:	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	2.3.5.2 Бақылаулар негізінде ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтау	
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін біледі және оларды атай алады; Оқушылардың басым бөлігі: Мемлекеттік рәміздердің мән-мағынасын аша алады. Кейбір оқушылар: Мемлекеттік рәміздердің қолданылу саласын анықтайды.	

Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)		ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын атайды.
Тілдік мақсаттар		Мемлекеттік рәміздер және оның қолдану саласы туралы әңгімелей алады. Пәнге тән лексика мен терминология: Ту,елтаңба,гимн,мемлекеттік рәміз Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Салт-дәстүр,ауыз әдебиет Үш тілділік: ту – флаг – flag
Ойлау дағдыларының деңгейі		Білу, түсіну, қолдану
Құндылықтарды дарыту		• Жеке жұмыс жасау кезінде өзгелердің пікіріне құрметпен қарауы; • Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге және патриоттық тәрбиеге баулу. • Оқушылар топпен жұмыс жасауда достық және айналасындағыларға қамқорлық көрсету, қарым-қатынас жасауы қалыптасады
Пәнаралық байланыстар		Қазақ тілі, әдебиеттік оқу
АКТ қолдану дағдылары		Интербелсенді тақта, слайдтар, бейнежазбалар.
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім		Мемлекеттік рәміздерді біледі.
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы 5 минут	• Ұйымдастыру. Ширату. Оқушылар топта тұрып бір-біріне сәттілік тілейді. • Оқушылардың қызығушылығын ояту: Оқушыларға көздерін жұмып, олардың нағыз Қазақстандық екенін сезінуге немесе ұғынуға көмектесетін екі зат туралы ойлаулары сұралады.	

	Олар көздерін ашқан кезде оқушылардың жауаптары тыңдалады. -Балалар, көз алдарыңызға не елестеді? (Ту, Астана қаласы, Бәйтерек, Елтаңба, Президент, т.б.) - Неліктен? (Себебі,) Оқушылардың жауаптары тыңдалады. Топтарға біріктіру. «Ынтымақ», «Достық», «Бірлік». Оқушылар күннің, ұлттық оюдың және қыранның суреттерін таңдау арқылы топтарға бірігеді. Сабақтың ұранымен таныстырылады “Білімдінің жұлдызы жарық», сабақ барысындағы орындалған жұмысқа жұлдызшалар беріледі. Ой қозғау: -Балалар, неліктен бұл суреттерді таңдадық? Суреттегі заттар қайда бейнеленеді? -Балалар, қалай ойлайсыздар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы болмақ? (оқушылар жауабы тыңдалады) Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.	Топтың аты
Ортасы 5 минут	Интерактивті тақтадан «Тәуелсіз Қазақстан» бейне жазбасы көрсетіледі. Жұптық жұмыс. «Сен – маған, мен - саған» әдісі. Бейнежазба бойынша оқушылар бір-біріне сұрақ қояды, жауап береді. - Қазақстан қандай ел? - Қазақстанның мелекеттік нышандары қандай? - Қазақстанның астанасы қай қала? - Ел президенті кім? - Мемлекеттік нышан деген не?	https://www.youtube.com/watch?v=bgiV_8YvbqI
6 минут	«Мемлекеттік рәміздер» атты слайд көрсетіледі. Топтық жұмыс. Сиқырлы микрофон Тапсырма: өз мектебімізге шетелден туристер келді	Слайд

3 минут	делік. Келген қонақтарға еліміздің мемлекеттік рәміздерін таныстыру керек. Топ болып ақылдасып, араларынан бір журналист шығып айтады. 1 топ – елтаңбаны; 2 топ – туды, 3 топ – гимнды таныстырады. Жұлдызшалар арқылы бағаланады. Мемлекеттік рәміздер қайда қолданылады? Суреттерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырып айт.	
		
		Суреттер
5 минут	 Дескриптор: • Мемлекеттік рәміздер жайлы біледі. • Мемлекеттік рәміздердің қолданылу аясын анықтайды.	
5 минут	Көңілді смайликтер арқылы бағаланады. Оқушылар геометриялық фигуралар арқылы кері байланыс береді. Жұлдызша – маған бәрі түсінікті. Төртбұрыш – сұрақтарым бар. Үшбұрыш – көмек керек. Оқулықпен жұмыс. Дәптермен жұмыс.	Оқулық Жұмыс дәптері

5 минут	Суретте берілген Елтаңбада нелер бейнеленгенін жаз. Ол бейнелер қаланы айшықтап тұр ма? Байқоңыр _____ қаласының _____ Елтаңбасы _____ _____ қаласының _____ Елтаңбасы _____ Қарағанды _____ қаласының _____ Елтаңбасы _____ _____ қаласының _____ Елтаңбасы _____ Саралау бойынша тапсырмалар. Қай белгі екенін анықтаңыз. 1.Төлқұжатта, туу туралы куәлікте, орта білім туралы аттестатта құжаттарда бейнеленген (Елтаңба) 2.Президент резиденциясында, Үкімет үйінде ілулі тұрады. Барлық мекемелерде бар. (Ту) 3.Республика,облыс, аудан көлеміндегі маңызды салтанатты мәжілістерде орындалады. (Әнұран)	Деңгейлік тапсырма
Аяқталуы 4 минут	Сабакты қорытындылау. «Ия, жоқ» әдісі Сын тұрғысынан сұрақтарға жауап беру (иә, жоқ) 1. Қазақстан жері кең байтақ 2. Қазақстан 5 мемлекетпен шектескен 3. Астанасы – Алматы 4. Ұлты қазақ 5. Пайдалы қазбаларға өте бай 6. Өсімдіктер әлемі алуан түрлі 7. Ертіс, Сырдария, Есіл, Жайық - өзендер	Білім қоржыны

2 минут	8. Ту, Елтаңба, Әнұран еліміздің рәміздері 9. Мемлекеттік тіл – орыс тілі 10. Менің Отаным – Қазақстан Кері байланыс: «Білім қоржыны» <i>Білім қоржыны</i>  Бағалау. «Білімдінің жұлдызы жарық». Жұлдыз көп жинаған топ анықталады. Жұлдыз саны бойынша «Нәтижеге жетті», «Талпыныс бар», «Әлі де іздену керек» қорытынды кері байланыс жасалады.	
Қосымша ақпарат		
Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?	Топтық жұмыс, жұптық және жеке жұмыс арқылы сабақты меңгерту барысында «Ширату жаттығуы» арқылы сыныпта көңілді ахуал орнатамын. «Ой қозғау» әдісі арқылы тапсырма беремін. Топтық тапсырмалар орындайды, бір-бірін бағалайды. «Иә, жоқ» әдісі арқылы сын тұрғысынан сұрақтарға жауап береді. Тапсырмаларды жылдам қарқынмен орындайтын оқушыларға қосымша тапсырма жоспарлаймын. (Деңгейлік тапсырмалар)	
Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?	«Мадақтау»-жарайсың, өте тамаша, жақсы, керемет ... т.б. Басбармақ арқылы, «Геометриялық фигуралар» әдісі, «Білім қоржыны» әдісі, жұлдызшалар, көңілді смайликтер, ауызша және стикерлер арқылы қалыптастырушы бағалауды іске асырамын	

Сабақ бойынша рефлексия

Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?

Бүгін оқушылар не білді?

Сыныптағы ахуал қандай болды?

Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?

Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?

Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?

Қорытынды бағамдау

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1.

2.

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1.

2.

Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?

1.

2.

N00075 04.12.2020

Каспий теңізі

ТЕМИРГАЛИЕВА ЭЛЬМИРА САБЫРГАЛИЕВНА

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы “ІТ лицей” коммуналдық-мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Сабақтың тақырыбы	Каспий теңізі .		
Дағды	Айтылым және оқылым		
Оқыту мақсаттары	4.2.3.1 Белгілі бір тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау, кері байланыс орнату, сөйлеу стилін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу 4.3.2.1 Таныс емес сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну		
Лексикалық минимум	Бағалау, көгал, уылдырық, қоқиқаз, кептер, шағала		
Пәнаралық байланыс	Дүниетану		
Сабақтың барысы			
Кезеңдері	Жоспарланған оқыту іс-әрекеттері	Уақыты	Ресурстар
Кіріспе	«Балалар, бүгінгі сабақ экскурсия сабақ болып табылады. Бүгін біз ойша саяхаттайтын боламыз» – деп мұғалім сабақты бастайды. Тақтада географиялық карта ілулі тұрады. Арнайы көк бояумен ерекшеленген Каспий теңізі ерекше көрінеді. Сан есімдердің қолданысы мен түрлерін таныстырады.	2 минут	Оқулық
	«Сөйлесейік» айдарында оқушылар «Каспий теңізі» туралы видеоматериалды тамашалайды,	5 минут	Түрлі түсті қағаздар

Негізгі бөлім	сұраққа жауап беру арқылы сөйлеседі. https://www.youtube.com/watch?v=N5W0APVf0II 1. Каспий теңізі туралы естідің бе? 2. Каспий теңізі Қазақстанның қай аймағында орналасқан? 3. Каспий теңізінің жағасында қандай қала бар? «Жаңа сөз үйренейік» айдары бойынша оқушыларға суреттер көрсетіледі. Оқушылар суреттер бойынша жаңа сөздерді қайталап, сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырады. «Көрсетейік және айтайық» айдарында мұғалім оқушылардың қызығушылығын арттыру арқылы сұрақтарға жауап беруді тапсырады. Бұл тапсырманы орындау арқылы оқушының ойлау қабілеті, айтылым дағдысы дамиды, оқушы естіп, көргендері, оқығандары бойынша Каспий теңізі туралы айтып береді. «Балық аулау» әдісі бойынша оқушылар картамен жұмыстанады. Оқушылар шеңбер бойымен тұрады. Түрлі түсті қағаздан жасалған балықтарда сұрақтар болады. Ол мұғалім мен оқушының қолында қармақ болады. Қармақтың басында магнит бар. Қармақ қай балыққа тисе, сол балықтағы сұраққа жауап беруі керек. Ескерту: Мұнда тапсырма екі бөлікте орындалады, екіншісі мәтінмен		
---------------	---	--	--

	танысқаннан кейін орындалады. А және Ә тапсырмалары болып келеді.  А) 1. Картадан не көріп тұрсың? а) Каспий қай маңда орналасқан? Ә) 1. Каспий маңында қандай мемлекеттер орналасқан? • Теңіз неге көк түспен боялған?		
	«Сен, білесің бе?» айдарында оқушыларға Каспий теңізі туралы қосымша мәлімет беріледі. Бұл тапсырманы орындату міндетті болып саналмайды. Егер сабақ өткізу барысында уақыт жететіндей болса ғана қосалқы мәліметпен оқушыларды қаруландыруға болады.	3 минут	
	«Есіңе сақта!» тапсырмасын орындауда мұғалім сан есімдерді меңгертеді. Сандарды жазу арқылы және диаграммаға салып көрсету арқылы айтылуы мен жазылуы және пайыздық тұрғыда диаграммамен көрсетеді. 100-дің 10 пайызы 100-дің 25 пайызы 100-дің 50 пайызы	6 минут	Оқулық
	«Жазайық» айдарындағы тапсырмада оқушылар дәптерге	7 минут	Оқулық

	диаграмманың суретін салып, жазады. Пайыздық көрсеткіштерді шамамен белгілеп, әр мемлекет атауын жазып үйренеді. Үлгіні басшылыққа алып, постер қорғайды. Тапсырма жазбаша орындалады. Мұғалім оқушылардың пікірлерін тыңдайды, кері байланыс орнатады. Оқушылар бір-бірін «Басбармақ» әдісімен бағалайды.		
	«Оқиық» айдарындағы тапсырма оқушылардың оқылым дағдысын дамытуға бағытталған. Тапсырма оқушылардың мәтінді түсініп оқуына арналған. Мұғалім оқушыларға мәтінді алдымен іштей, содан кейін дауыстап оқуға тапсырма береді. Оқушылар мәтінді оқиды. Қарамен ерекшеленген жаңа сөздерге толық тоқталады. Айтылуы мен жазылуына мән береді. «Оқиық және жауап берейік» айдарындағы тапсырмада оқушылар «балық аулау» әдісі бойынша мәтіннің мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап береді. Оқушылар шеңбер бойымен тұрады. Түрлі түсті қағаздан жасалған балықтарда сұрақтар болады. Ол мұғалім мен оқушының қолында қармақ болады. Қармақтың басында магнит бар. Қармақ қай балыққа тисе, сол балықтағы сұраққа жауап беруі керек. Сөйлемдерді оқы. Дұрыс мәліметті анықта. Каспий теңізінде қызыл балық жоқ. Каспий теңізінің маңында қоқиқаз бен аққу жүреді.	7 минут	Оқулық

	Теңізден итбалықты жиі көре аламыз. Үйрек пен қаз, қоқиқаз бен аққу теңізге қарағанда көгалды ұнатады. Теңіздің айналасында қоқыстар қалдыруға болмайды.		
Қорытынды бөлім	Бүгінгі сабақты қорыту мақсатында мұғалім оқушыларға бүгінгі тақырып бойынша жетелеу сұрақтарын қояды: 1. Теңіз қандай? 2. Теңіз қай қала маңында орналасқан? Тапсырма ауызша орындалады. Оқушылар бүгінгі сабақтан білген білімдерін қорытып, айтып шығады. Мұғалім оқушыларға сұрақ қояды: бүгінгі сабақта Не оңай болды? Не қиын болды?	5 минут	
	Оқушылардың тақырыпты меңгеру деңгейін тексеру Мұғалім оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергендерін міндетті түрде тексеруі керек. Сабақтың өн бойында қалыптастырушы бағалау элементтері көрініс табуы тиіс. Мұғалімнің оқушыларды бағалауы (<i>мадақтау сөздерін қолдануы</i>), оқушылардың өздерін және бір-бірін бағалаулары болуы керек. Кері байланыс орнатудың маңызы зор. Рефлексия «Білім ағашы». Оқушылар сабақтан алған әсерлерімен бөліседі. «Білім ағашына» бүгінгі сабақтағы <u>ең маңызды</u> деп санаған 3 нәрсені стикерге жазып, жапсырады.	7 минут	

000013 04.12.2020

Символы страны

БУГЕНБАЕВА ДАНА ХАМЗАЕВНА



Туркестанская область Город Туркестан КГУ школа гимназия №9 им Некрасова. Учитель: Познание мира


Краткосрочный план .Познание мира

Предмет Познание мира	Школа :	
Урок		
Дата:	ФИО:	
Класс: 3	Количество присутствующих	Количество отсутствующих:
Раздел(сквоз ная тема)	В контексте сквозной темы»Искусство»	
Тема урока:	Символы страны	
Цели обучения, которым посвящен крок:	3.3.5.1. Объяснять значение неофициальных символов Казахстана (монументы «Алтын адам», «Байтерек», Триумфальная арка «Мәңгілік ел»)	
Развитие навыков :	3.5 История Казахстана: независимость, государственность и патриотизм	
Предполагае мый результат:	Все учащиеся смогут: – объяснять значение символов нашей страны; – называть официальные и неофициальные символы Казахстана. – описывать неофициальные символы нашей страны: монументы «Алтын адам», «Байтерек», Триумфальную арку «Мәңгілік ел» Большинство учащихся смогут: – показывать различия официальных и неофициальных символов Казахстана; – предлагать свои объекты в качестве неофициальных символов страны и объяснять свой выбор; Некоторые учащиеся смогут: – составлять неофициальный символ своей малой родины и	

	защищать его; – находить в дополнительных источниках материал о неофициальных символах Казахстана.	
Языковая цель	Учащиеся могут: объяснять, для чего нужны символы страны и описывать их. Предметная лексика и терминология: неофициальные символы страны: монументы «Алтын адам», «Байтерек», Триумфальная арка «Мәңгілік ел» и т. д. Серия полезных фраз для диалога/письма. Неофициальные символы страны связаны с ее историей, культурой и природой. Символ страны олицетворяет идею независимости. Символ страны несет в себе национальную идею. Вопросы для обсуждения. Какие вы знаете официальные символы Казахстана? С какими неофициальными символами страны вы сегодня познакомились? Что означают фигуры в нишах триумфальной арки «Мәңгілік ел»? Что символизируют Самруки дракон в легенде о Байтереке? Как заканчивается легенда? Что вы помните о сакском царевиче, найденном в Иссыкском кургане? Как вы думаете, что символизирует «Золотой человек»? Какие еще объекты вы можете предложить в качестве неофициальных символов страны? Письмо. В тетради оценить свою работу на уроке и написать пояснение к самооценке учебных достижений	
Материал прошедших уроков:	Государственные символы Республики Казахстан	
	Ход урока:	
Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
0-1 мин	Создание положительного эмоционального настроения: Мотивация. Стартер. Если скажут слово «Родина», Сразу в памяти встает	

	Старый дом, в саду смородина, Толстый тополь у ворот. Или степь, от маков красная, Золотая целина... Родина бывает разная, Но у всех она одна!	
Середина урока 2-35 мин	Актуализация ЗУНов: Игра «Я начну, а вы продолжите». – Наша страна – это... – Люди, которые живут в нашей стране, называются ... – Столица нашей Родины – ... – Нашего президента зовут ... – Государственные символы Казахстана – это... – Гимн – это ... – Степной орел беркут изображен на ... – Герб имеет форму ... Ребята! Помимо официальных символов в виде Герба, Флага и Гимна, каждая страна имеет и неофициальные символы, в которых отражаются ее история, культура и природа. Неофициальные символы есть и у Казахстана. -О чем сегодня будем говорить на уроке? Чему должны научиться? Определите цели урока. – Мы узнаем о смысле и значении неофициальных символов. – Мы научимся составлять символ своей малой Родины Рабочий лист для проверки пройденного материала (Интерактивная доска) (Учащиеся отвечают на вопросы. Рабочий лист с ответами) -Молодцы! Вы выполнили правильно.	Ресурсы Bilim Land https://bilimland.kz/ru/subject/poznaniye-mira/1-klass/gosudarstvennye-simvolyye-respublikikazakhstan--12782 ФО Светофор

	Изучение нового материала: стр 50 Выполните задание «Узнай символ» из учебника: рассмотри иллюстрации. Определите, что за неофициальные символы перед тобой. Что вы знаете о них? Просмотр справочного материала   (Экскурсия к монументу «Байтерек», по Астане) Видеообъяснение .	Ресурс Bilim Land https://bilimland.kz/ru/subject/poznaniye-mira/3-klass/neoficzialnye-simvoly-kazaxstana
	Посмотри видео и ответь на вопрос. Беседа: -Что является символы столицы Астана? -Что изображено на гербе столицы? - Назовите еще символы в Астане? -Что символизирует символ Дворец Мира и Согласия? (Символ дружбы, единения и мира на казахской Земле) -Мемориальный комплекс «Қазақ елі»: Что за птица изображена наверху мемориального комплекса?(Самрук) -Какова высота данного монумента? (91 метр) Что символизирует число 91? (Год когда Казахстан стал Независимым)	Ресурс Bilim Land https://bilimland.kz/ru/subject/poznaniye-mira/3-klass/neoficzialnye-simvoly-kazaxstana

Конец урока 35-40 мин	Напиток Здание, сооружение 3) Групповая работа. Придумайте неофициальный символ своей малой родины. Прежде чем выполнить задание, вспомните занятия населения, природу, историю края. Выступления групп. (ФО) Прием «Три хлопка». Ответ каждой группы поддерживается тремя хлопками. (ФО) Прием «Две звезды и одно пожелание». одну звезду подарите ученику, который, на ваш взгляд, заслужил её за работу на уроке; вторую звезду подарите группе, которая дружно и быстро работала сегодня на уроке. И одно пожелание – всем учащимся или кому-нибудь одному. Итог урока: Степной травы пучок сухой, Он и сухой благоухает! И разом степи надо мной Все обаянье воскрешает. -О какой траве идет речь? (О полыни.) Полынь стала символом казахской степи. Широко известна легенда о емшан-траве. Так называли полынь – «емшәп» – «лечебная трава». Ее запах заставляет кипчака (предка казахов) оставить золотой дворец на чужбине и вернуться на родину. «Жат елде сұлтан болғанша – өз елінде ұлтан бол!» – «Чем быть султаном	РЕФЛЕКСИЯ «Две звезды и одно пожелание» 1 звезда подарить ученику, который на твой взгляд, заслужил за работу на уроке. 2 звезды подарить группе, которая дружно и быстро работала сегодня на уроке. Одно пожелание – всем или кому-нибудь отдельно. Пирамида 
---	---	--

	на чужбине – будь ултаном (букв. «подошвой») на родине!» – гласит казахская мудрость! -Что такое символ? (Условный знак каких-либо понятий, идей, явлений). Неофициальные символы своей Родины дороги сердцу каждого человека. Люди, потерявшие запах дома, запах емшан-травы, как говорили древние, обязательно рано или поздно потеряют себя, забудут даже свои имена. Какой вывод по теме урока вы сделаете из легенды о емшан-траве?	
Дифференциация	Оценивание	Межпредметные связи
В процессе работы на уроке я подбирала задания дифференцированные; индивидуальное помогала учащимся строить монологическое высказывание на заданную тему(с низкой мотивацией). Дети с повышенной мотивацией руководили работой в группах.	<i>Формативное оценивание.</i> Самооценивание в тетради «Что я знаю и умею». Взаимооценивание при работе в паре, группе, классом. Определение уровня усвоения навыка по теме (тетрадь «Что я знаю и умею»).	

Рефлексия для учителя:	
Важные вопросы по уроку: Символы. Официальные и неофициальные символы.	Урок прошел по плану.. Этапы урока укладывались в отведенное время. Атмосфера была доброжелательная, дети оказывали взаимопомощь друг другу. Была организована работа в сотрудничестве.
Итоговая оценка (с точки зрения преподавания и обучения) Организована на уроке групповая и парная работа. Дети учились находить нужную информацию по тексту на заданную тему.	
Какие два момента были наиболее успешны?	На уроке использовала ресурсы Ресурс Bilim Land , групповая, парная работа
Какие два момента улучшили урок?	Учащиеся активно работали в парах, группах. Составляли свои высказывания по заданию. Оценивали себя, соседа и группы своих одноклассников.
Что я узнал из урока о классе и отдельных людях, что я расскажу на следующем уроке?	В классе есть учащиеся :Барков Р, Смагулов Ж, Ермек И, Табеев М, Летко К, Карпова Д., которые могут оказать взаимопомощь при знакомстве с новой темой. Это помогло при организации проверки выполнения работы по закреплению новой темы о символах. Некоторые учащиеся Ахмет А, Мухтар Е, Ахмет М, Журавлева Н, Камариден А нуждались в индивидуальном задании по отработке новой теме. Эти задания были использованы с Ресурса Bilim Land

000007 04.12.2020

**Абай шығармаларын бастауыш сыныпта
оқытудың тиімді әдістері**

КОЖАХМЕТОВА ЗАЙРА АБИЛХАСОВНА

*Нұр-Сұлтан қаласы Б.Майлин атындағы № 52 мектеп-гимназия
директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары*

Бүгінгі білім мен техниканың қарыштап дамуы оқушының тұлғалық жетілуіне түрткі болуда. Жеке тұлғаның қажетін өтеуде мұғалім өзінің пайдаланып отырған отырған әдістеріне рефлексия жасай отырып, жетілдіре білуі қажет, сол жағдайда ғана білім мазмұнын меңгеріп, алдымыздағы шәкірттің тұлғалық шығармашылық жетілуіне мүмкіндік жасаймыз. Абай шығармаларының оқытуда ең тиімді әдіс-тәсілдің бірі сын тұрғысынан ойлау. Өйткені сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы көп електен өткен, әлемдік білім берушінің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Жоба педагогика саласында өзіндік із қалдырған, ұлы педагог Ж.Пиаже, Л.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының, мінез машығына, назар аударатырып. Тақырыптан ерекшелігі оқушылар сабақ барысында, Абай шығармаларының тақырыбы мен идеясы мазмұны, тіл ерекшелігіне немесе лирикалық кейіпкерге сын тұрғыдан қарап саналы шешім қабылдауға үйренеді. Қабылдаған шешімді дәлелдей білу, пікірін қорғай білу, басқаның пікіріне құрметпен қарау сол басты қағида. Мұғалім кез келген әдіс тәсілде оқушыға сенім арта отырып, олардың ой ұшқырлығы мен тіл көркемдігіне, мінез машығына назар аударатырып тақырыптан ауытқымай отырып жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Егер мұғалім оқу үрдісі барысында жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушы шығдалып, белгілі бір жетістікке жетері сөзсіз.

Абайдың «Күз», «Қыс» сияқты өлеңдерін оқығанда, бастауыш сыныптардағыдай жыл мезгілдерінің әр түрлі белгілерін, табиғат көріністерін айту үстірт түсінік тудырмаса керек. Абайдың өзі табиғат көрінісі және жер бетіндегі тіршілік атаулының (адам, өсімдік, оның әлеуметтік халі т.б.) бәрін де тұтастық қалпында сипаттап тұр. Ол тұтастықты даралап ыдыратқанда әрбір жеке ғылым саласының үлесінен (өсімдіктану, жаратылыстану, тәнтану, әлеуметтану, саясаттану, география, тарих, сурет т.б.) екені байқалады.

Сондықтан кейбір материалдың мазмұнындағы бірден көзге түсетін бөлікті екінші пәннің үлесіндегі жеңіл бір ұғым, мазмұнмен байланыстырып, интеграциялық сабақ өткіздім деу қисынсыздау болады. Бұл түрдегі

байланыстың іске асырылуы мұғалімнен үлкен міндет пен жауапкершілік, сабаққа мүлтіксіз дайындықпен келуді талап етеді.

Мектепте оқылатын оқу пәндеріндегі бай мазмұнмен оның күрделі құрылысы оқу ісінің аса жауапты, қат-қабат қиын екенін көрсетеді. Сондықтан да мұғалімнің мамандық дайындығының жан-жақты, биік дәрежелі болуы өте қажет.

Абай шығармаларының табиғаты кешегіні айта отырып, бүгінгі күннің барысына жөн сілтейді. Кешегі айтылған Абай сөзі бүгін өз құнын жоғалтпақ түгіл, ол құндылық пен оған деген мұқтаждықты еселеп арттырғандай болады. Сондықтан да бұл жердегі интеграциялық байланыс мұғалімнің білімдік-әдістемелік дайындығын қалайды.

Абай өлеңдерінің терең мазмұнына бойлау үшін сабақты интеграциялық байланыста жүргізу бірден-бір тиімді әдіс болып табылады.

Мәселен, «Интернатта оқып жүр» өлеңін оқытқанда оқушылардың 5 сыныпта оқыған «Интернат наны» (Ш. Мұртаза) мәтінімен байланыстыру арқылы кең ұғым беруге болады. Осы тұста тарихи жағдай ықпалын да сөз ету керек. Әсіресе, Абай өлеңдерін оқытқанда, тарихи жағдайға соқпай өтуге болмайды.

Ақын өлеңдері өз заманының шындығын бейнелейді. Оны жалаң күйде бүгінгі ұғым, түсінікпен айту өлеңнің ішкі мазмұнын жоғалтады. «Интерната оқып жүр» өлеңіндегі «Ойында жоқ олардың шарифатқа шаласы» – деген жолдар Абай заманындағы ел арасының бүліншілігінен хабар береді. Сол тұстағы білім алудағы тар ұғым, түсініктің қалыптасқанын аңғартады.

Оқудағы мақсат арыз, шағым жаздыру, сот ісінде бедел көтеру, біреуден есе қайтару дегендерге саяды. Мұның өзі отаршылдық алып келген саясат салдарынан қазақ елінің ішкі жағдайының өзгеруін көрсететінін ашып айту керек.

Абай білім алудың мақсаты бұлардан әлдеқайда жоғары екендігін айтатынын ұғындыра отырып, әңгімені бүгінгі жағдайға бұрған орынды.

«Нан таппаймыз демейді,

Бүлінсе елдің арасы» – деген сөз бүгінгі қоғам құрылысы бір түрден екінші түрге ауысып, жер жүзінде идеялық түсініктерге өзгеріс еніп жатқанда халық көріп отырған қиындықты жеңу жолы – ел арасының бірлігі деген ұғымды биіктету және ел бірлігі деген түпкі тек сонау түркі қағанаты болып құрылғаннан бері келе жатқан мызғымас тұрақты ұғым екендігін ұрпақ көзқарасы мен дүниетанымына негіз етіп қолдану керек. Ол үшін өлеңнің негізгі ой-түйіні ретінде көрінетін тұсын анықтап, ол бойынша түрлі-түрлі жұмыстар жүргізу қажет.

Абай Құнанбаев шығармаларын оқыту бастауыш сыныптардан басталып, орта буында, жоғары сыныптарда түгел қамтылады. Абай шығармаларын бастауыш

сыныптарында оқытқанда, оқушылардың ассоциациялық ойлауы мен қиялын дамытатын әдіс-тәсілдер пайдалану орынды деп есептейміз.

Мысалы, Абайдың табиғат лирикасынан «Күз» өлеңін оқытқанда мына тектес сұрақтар беруге болады.

1. Күз сөзі көз алдымызға қандай көріністерді елестетеді?
2. Күз сендерге қандай сезім-күй туғызады?
3. Күз қандай түсті елестетеді?

Сұрақ, тапсырмаларға берілген жауаптарды жинақтап, оқушылардың дәптерлеріне немесе тақтаға еркін жазу, яғни оқушы жауаптары бойынша жүйесіз жазып шығу керек. Жинақталған «ым» – түсініктерден оқушы өз ассоциациясындағыларын бөлек теріп жинақтайды, оларды топтастырып шығуға болады.

«Қыс» мезгілін оқытар алдында берілген сұрақтарға «қар», «қырау», «аяз», «үскірік», «шаңғы теуіп жүрген балалар», «сырғанақ», «аяз ата», «шыршаны жағалай айналған балалар», «жаңа жыл», «қатып жатқан сулар, өзендер», «қар үстіндегі адам іздері» алуға болады. Қысты оқушылардың барлығы бірдей ақ түсті табиғи деп таниды.

Көктем белгілеріне қатысты қойылған сұрақтарға «қар ериді», «жаңбыр», «үйлердің шатырына қатқан мұздардың еріп, тамшылап тұрғаны», «8 – наурыз», «құстар жылы жақтан оралғаны» «ағаштар гүлдейді», «жан-жануар ояна бастағаны», «дән егіп жатқан диқаншы» сияқты жауаптар қайырады. Оқушылар көктемді әр түрлі түспен елестетеді. Бір оқушы жасыл түсті, біреуі қызыл қызғалдақ түсін елестетеді. Мұндай жұмыс түрлерін ұйымдастырудағы басты мақсат оқылатын шығарманы дұрыс, өз дәрежесінде қабылдауға жағдай туғызу, оқушы қиялын ұштау болып табылады.

«Күз» өлеңінде Абай бұлттың түсін неліктен басқаша қолданбай, (қара бұлт, ақ бұлт, ақша бұлт, т.б) «сұр бұлт тіркесімен берген? немесе «дымқыл тұманның ерекшелігі қандай?» деген сұрақтар табиғат ерекшеліктерін тереңдей ұғуға әрі жете түсінуге жетектейді.

Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма,

Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрыңғыдай,

Жастар күлмес, жүгірмес, бала шулай, – деген жолдарға назар аударта оқыту оқушы ойын, ассоциациялық қиялын күз көріністерімен толықтырады, жаңа ұғым, түсініктерге, сезімге ойыстырады. Өлеңнің келесі жолдары сол ұғымдардың бояуын қанықтырып, өлеңнің әлеуметтік мәнін түсініп қабылдауға жол ашады. Оқушы санасында Абай бейнелеген күздің тұтас суреті орнығады.

Оқыту жұмысының нәтижелі болуы оқыту әдістерін үйлесімді етіп таңдап ала білуге байланысты. Себебі оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ. Ал сабақтың мақсаты мұғалім мен оқушының ұжымдық, шығармашылық

еңбегі, сондай-ақ сабақта оқыту мен тәрбиенің міндеттері, мақсаттары жүзеге асырылады, оқушылардың ой - өрісі кеңіп, қабілеті шыңдала түседі, өмірге деген көзқарасы қалыптасады.

Қорыта айтқанда, ұлы Абайдың шығармаларын бастауыш сынып оқушыларына үйрету барысында ең қажетті сыналған әдістемелерді пайдаланып, оларды әрбір сабақта жаңалап, жетілдіріп отыру, әрбір тақырыпты өтуге творчестволықпен қатынас жасау бүгінгі күннің ең зәру мәселесі болып табылады. Себебі жастарымыздың дүние танымына, дүниеге көзқарасын қалыптасыруда, олардың заман дәрежесіндегі азамат болып өсуінде, биік интеллектуальдылыққа, «толық, кәміл инсан» болып жетілісуінде, олардың бойындағы эстетикалық талғамының ұштала түсуінде ұлы Абайдың шығармалары бірден бір рухани азық болып табылады.

000008 04.12.2020

« Дені саудың Жаны сау» спорттық эстафеталық жарыс

ТУРЕХАНОВА АЛТЫНАЙ ТУЛЕГЕНОВНА

Манғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы

«Тенге бөбекжай - бақшасы» МКҚК

Дене шынықтыру пән жетекшісі

Мақсаты: Балалардың денсаулығын жақсарту, спорттық ойынға деген қызығушылығын ояту, балалардың бір – бірімен қарым – қатынас нығайтып, достыққа баулу, дене, аяқ, қол бұлшық еттерін шынықтыру, спортты сүйеге тәрбиелеу.

Жүргізуші:Құрметті қонақтар, балалар елімізді, жерімізді қорғайтын денсаулығы мықты ұлдарымыз бен қыздарымыз көбейе берсін деген тілекпен бүгінгі «Дені саудың Жаны сау» атты эстафеталық жарысымызды бастаймыз.

Жүргізуші:Айналайын алтыным

Шымыр болсын балтырың

Жел ескендей алтыным

Күшті болсын қарқының

Ендеше, бүгінгі сайысымызға қатысушы командаларымызды қарсы аламыз.

«Тұлпар» командасы: № 8«Аққу» тобы.

«Жасұлан» командасы: № 9 «Жасұлан» тобы.

«Қыран» командасы: № 10 «Балдаурен» тобы

Жүргізуші: Кезекті командалардың ұрандарына береміз:

Тұлпар командасы:

Ұшақтан да ұшқырмыз
Желден озған жүйрікпіз,
Жарысуға сендермен
Келіп тұрған мықтымыз.

Жасұлан командасы:

Биіктен алысқа
Секіретін жарысқа
«Жасұлан» келіп қатысты.
Өтілетін жарысқа

Қыран командасы:

Келіңіздер, келіңіздер.
Бұл жарысты көріңіздер
Бізде бәрі жүйріктер
Күш сынасар алыптар
Жүргізуші: Өнерге биік өсіңіз,
Думанға қызық келіңіз

Әділқазы ел сенген,
Өнерге баға беріңіз.— дей отырып осы сайысымызға әділ баға беретін әділ қазы алқасымен танысайық:

1. Балабақша директоры: Байджанова Г. Т

2. Балабақша әдіскері: Бопылова С.Э

3. Балабақша психологі: Кенесбаева А.Б

4. Дене тәрбие пән жетекшісі: Машырыкова А.А

Жүргізуші: Уа, халқым, назар аудар денсаулыққа

Өмірде бақыттысың денің сауда

Денсаулық терең бақыт деген сөзді

Құр айтпаған ұлы Абай атамыз да – дей отырып, енді сайысымыздың бөлімдерімен танысайық. Сайысымыз жеті бөлімнен тұрады:

1– бөлім: «Епті де , жүйрік»

2– бөлім: «Кенгуру»

3– бөлім: «Боулинг»

4– бөлім: «Акробатика»

5– бөлім: «Кім озар»

6– бөлім: «Арба сайысы»

7- бөлім : «Арқан тартыс»

Жүргізуші: Жарыс заңы ежелден

Жеңімпазды анықтау

Жеңімпаз болу шарты сол

Еңбектену, жалықпау – дей отырып, сайысымызды бастаймыз.

1-бөлім: «Епті де, жүйрік»

Шарты: Үлкен доптың үстіне отырып, кеглилердің араларынан секіріп мәреден айналып келеді.

Жүргізуші: Спорт пен жылдамдықтың сайысында,

Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты – дей отырып, кезекті екінші бөлімге береміз.

II – бөлім: «Кенгуру»

Шарты: Қапшықты екі аяқтарына киіп алып секіріп барып, мәрені айналып келеді.

Жүргізуші: Салауатты өмір салтын сақтаймыз

Жас құрбылар ерініп бос жатпаймыз.

Болашақтың биік тұрып төріне

Нұрлы жолмен биік рухпен бастаймыз – дей отырып, үшінші бөлімге береміз.

III – бөлім: «Боулинг»

Шарты: кеглиді допппен ұрып құлату.

Жүргізуші: Денсаулық – басты байлық өмірдегі

Нәр беретін асыл ғой көңілдегі

Салауатты өмір салтын насихаттап,

Аттанайық жақсы азамат өңірдегі, – дей отырып төртінші бөлімге кезек береміз.

IV – бөлім: «Акробатика»

Шарты: әр ойыншы құрсаудан – құрсауға секіріп, матрац үстімен бір домалап тұрып, мәрені айналып жүгіріп келеді.

V – бөлім: «Кім озар?»

Шарты: футбол добын аяқпен алып жүріп, кеглидің арасынан алып мәрені айналып кеглилердің арасынан допты аяғымен алып келеді.

VI – бөлім: Ендігі сайыс «Арба сайысы»

Шарты: Спорттық сақиналармен допты итеріп, арасында тұрған кедергі кедергілерді құлатпай мәреге жетіп қайта спорттық сақинамен допты итеріп қайту керек.

VII- бөлім: Ұлттық ойын «Арқан тартыс» арқанның екі жағынан екі топтан бөлініп тартысады.

Жүргізуші: Біреу озса сайыста

Біреу артта қалады.

Жеңілгендер ренжімей

Тараса бізге жарады – дей отырып, «Дені саудың жаны сау» аты эстафеталық сайысымызды аяқтаймыз.

000012

04.12.2020

«Денсаулық еліне саяхат»

НҰРЛЫБЕКОВА ЗАҒИРА АСПЫЛОВНА

Жамбыл облысы. Байзақ ауданы. Бурыл ауылы.

«Дәулет» бөбекжай-бақшасы денешынықтыру нұсқаушысы

Мақсаты: Балалардың денесін шынықтыру, спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже: Балалар жаттығулар арқылы құрал-жабдықтарды пайдалана алады.

Қолданатын тәсілдер: түсіндіру, көрсету, жаттығулар жасау.

Балалар бір қатар саппен залға кіреді.

Нұсқаушы:

-Түзел.Тік тұр.

-Сәлеметіндерме балалар.Балалар бүгінгі ұйымдастырылған спорттық ойын сауыққа қонақтар қатысып отыр.Қанекей, қонақтармен амандасайық.

(балалар үш тілде амандасады)

Нұсқаушы:

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз мезгілінде неше ай бар?

-Қазір қай ай?

Нұсқаушы:

Балалар біздің бүгінгі спорттық ойын сауығымыз өте қызықты болмақ. Балалар денсаулық адам өміріндегі басты байлық.Деніміз сау болу үшін күнделікті жаттығуларды жасап, денемізді шынықтырып, зиянды заттардан аулақ болуымыз керек. Біз бүгін денемізді шынықтыру үшін, денсаулық еліне саяхат жасамыз.Ол үшін біз денсаулық жолымен жүреміз.

(жәй жүріс, қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүру, қол белде, өкшемен жүру,тізені жоғары көтеріп жүру, ирелең жолмен жүру, тастардан аттап жүру)

Нұсқаушы: Міне, балалар біз денсаулық еліне де келіп жеттік. (Денсаулық елінде Желаяқ жүгіріп жүреді)

Желаяқ: сендер кімсіңдер?

Нұсқаушы: Біз балалармен денсаулық еліне денемізді шынықтыру үшін арнайы саяхаттап келдік.Ал сіз кімсіз?

Желаяқ: Мен Желаяқпын. Денсаулық еліне қош келдіңдер.Менің денсаулығым мықты, жүгіргенде шаршамамын.Көрдіндерме балалар, менің қала тез жүгіретінімді.

Нұсқаушы: Желаяқ олай болса бізге денемізді шынықтыруға көмектесіңіз.

Желаяқ: Жарайды балалар. Менде көптеген ойындар бар.

Нұсқаушы: Олай бола екі топқа бөлініп, ойын ойнау арқылы денемізді шынықтырайық.

1-кезең. «Кенгуру»

Балалар алдына доп салынған қапшықты киіп, шеңберден шеңберге секіріп, белгіленген жерге келіп, кері қайтады.

2-кезең. «Жүйрік паравоз»

Ең алдымен топ басшысы кедергілер арасымен жүгіріп келеді, содан соң балаларды 1-1-ден қоса жыланша ирелендеп жүгіріп өту керек.

3-кезең. «Арқан тарту»

Балалар екі топқа бөлініп арқан тартады.

4-кезең. «Күлімде күн»

Балалар кубиктердің арасымен өтіп, шеңберде шашылып жатқан таяқшалардан күн бейнесін құрастыру.

(Желаяқ жеңіске жеткен балаларды мақтап, мадақтады)

Балалар тыныс алу жаттығуын орындайды.

Желаяқ: Жарайсындар балалар, өте тәртіпті, шымыр балалар екенсіңдер.

Нұсқаушы: Қане, балалар Біз Желаяққа денсаулық туралы мақал-мәтелдер айтып берейік.

1. Денсаулық – зор байлық.

2. Дені саудың – жаны сау.

3. Тазалық – денсаулық кепілі.

4. Денсаулық – басты байлық.

Желаяқ: Өте жақсы, жарайсындар. Балалар, менің сендерге арналған сыйлығым бар. Жеміс-жидектер денсаулыққа өте падалы. Құрамында көптеген дәрумендер бар. Жемістерді көп жесеңдер бойларың тез өседі.

Нұсқаушы: Көп рахмет Желаяқ. Сен бізге көптеген ойындар ойнаттың. Енді біздің балабақшаға қайтатын уақытымыз болды. Біз тағы да денсаулық еліне саяхаттап келетін боламыз.

Желаяқ: Балалар, келгендеріңе көп рахмет. Сендермен көңілім көтерілді. Сау болыңдар. (балалар музыка әуенімен топқа оралады)

Нұсқаушы: Балалар сендерге бүгінгі спорттық ойын сауық ұнады ма?

Біз қайда саяхат жасадық?

Денсаулық елінде кімді көрдіңдер?

Денсаулық елінде не жасадық?

(балаларды мақтау, мадақтау)

000021 06.12.2020 ж

«Туған жер тұнған шежіре»

ТӨКЕНОВА МАҚПАЛ ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Әбжапар ауылы
№ 4 шағын орталықты орта мектеп
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан
сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай
аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана,
ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар.
Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.
Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың
«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан.

Адам баласы кіндік қаны тамған – туған жерінен, ата мекенінен, өз үйі –
алтын ордасынан тамырын үзетін болса, ұлттық болмысынан біржолата
ажырайды. Осы мақсатта Елбасы ұсынған «Туған жер» бағдарламасының мәні
зор. Қазақ елінің әр өңіріндегі сайы мен қыры, тауы мен жотасы, даласы мен
қаласы терең тарих қойнауынан сыр шертеді. Еліміздің үкілеген үміті-
жастарымыз өз тарихын жетік біліп, оның тұнығынан сусындаған кезде
Отанына адал, жауапкершілігі жоғары азамат болып қалыптасады. Туған жерге,
оның мәдениеті мен салт - дәстүрлеріне айрықша құрметпен қарап, оған
қамқорлық таныту, өткен тарихын білу, қасиетті жерлерін қадірлеп, мақтаныш
ету - маңызды.

Бауыржан Момышұлы: «Опасызда - Отан жоқ» деген екен. Отанын, салт-
дәстүрін, ұлттық құндылықтарын тәрк етіп, басқаның жетегінде кетіп жатқан
жастарымыз да кездеседі. Біздің ортамызға от тастап, бірлігіміздің шырқын
бұзуға тырысатын сырт күштер бар екендігін ұмытпағанымыз жөн. Қазақ дінге,
тілге бөлінбеу керек. Бұл баяғыдан келе жатқан «Бөліп ал да, билей бер» деген
шеттен келген басқыншылардың тәсілі. «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесең істің
бәрі бос», - деп айтқан хакім Абайдың даналығын бүкіл қазақ ту етіп ұстағаны
абзал.

Біз - ұланғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың
көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарғаны белгілі. 2014
жылы ЮНЕСКО-ға Қазақстаннан 38 нысан ұсынылса, соның 8-і енді. Осы 8-дің
5-еуі біздің Жамбыл облысынан.

Қазақ «Туған жерге, туынды тік» деп бекер айтпаған. “Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни, туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады” - деп Елбасы айтқандай, «Өлкетану» сабағы жастар бойында туған жерге, Қазақстанға деген терең сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін қалыптастыратындығы ақиқат.

Тарихымызға көз салсақ, осындай ұлан ғайыр кең дала ата-бабаларымыздың асқан ерлігімен, қанымен жеткен. Отан тарихындағы Абылай хан, Хан батыр Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Райымбек, Шыңқожа, Боранбай сынды тағы басқа елге қорған болған алып тұлғаларымыздың есімін жас ұрпақ ортасына кеңінен насихаттау керек.

Біздер Ұлы Даланың ұрпағымыз! Отанды қастерлеу - елдігіміздің тірегі. Біз отаншыл болуға, жас ұрпақтың санасына отаншылдық ұғымын берік орнықтыруға тиіспіз. Біле-білсек, Отанды сүю – біздің перзенттік парызымыз, қарыс қадам үшін жанын қиған бабалардың асыл аманатына адалдығымыз! Біздің ұлы Отанымыз – Қазақстан өзінің терең тамырлы тарихын, туған жерге, ана тіліне, салт - дәстүріне адалдық таныта отырып, қадір-қасиетін терең білу, Отаны үшін асқақ сезімге бөлену.

Ендеше, сайы мен тасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертетін қазақ жерінің келешегі - Ұлы даланың ұлы тұлғаларын Қазақстанды шын сүйетін, ұлттық құндылықтарды қастерлейтін, бойында адалдық, ар - намыс, ізгілік қасиеттері бар, халқының дәстүрі мен Отанына деген сүйіспеншілігі мол Азамат етіп тәрбиелей берейік!

МАЗМҰНЫ

- *ДАЛИ ЖАҢЫЛСЫН СӘРСЕНБЕКҚЫЗЫ*
- *ИЗБАСАРОВА ГАЗИЗА АУГАНОВНА*
- *МУРАТБЕКОВ АСКАР ТУРСУНБЕКОВИЧ*
- *ИСКЕНДЕРОВА ТАМАРА АЗИРБАЕВНА*
- *ТЕМИРГАЛИЕВА ЭЛЬМИРА САБЫРГАЛИЕВНА*
- *БУГЕНБАЕВА ДАНА ХАМЗАЕВНА*
- *КОЖАХМЕТОВА ЗАЙРА АБИЛХАСОВНА*
- *ТУРЕХАНОВА АЛТЫНАЙ ТУЛЕГЕНОВНА*
- *НҰРЛЫБЕКОВА ЗАҒИРА АСПЫЛОВНА*
- *ТӨКЕНОВА МАҚПАЛ ҚАЙРАТҚЫЗЫ*